



*“Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті  
**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
бастамасы бойынша шығарылды*



З. Самашев, А. Ермолаева, Г. Куц

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНЫҢ  
КӨНЕ ҚАЗЫНАЛАРЫ

ДРЕВНИЕ СОКРОВИЩА  
КАЗАХСКОГО АЛТАЯ

THE ANCIENT TREASURES  
OF THE KAZAKH ALTAI

Алматы 2008



ББК 63.4  
С 19

- С 19 ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНЫҢ КӨНЕ ҚАЗЫНАЛАРЫ. З. Самашев, А. Ермолаева, Г. Куш. Алматы, 2008. — 200 б.
- С 19 ДРЕВНИЕ СОКРОВИЩА КАЗАХСКОГО АЛТАЯ. З. Самашев, А. Ермолаева, Г. Куш. Алматы, 2008. — 200 с.

ISBN 978-601-209-035-2

*Бұл басылымда Қазақ Алтайының археологиялық және этнографиялық материалдарының ғылыми құндылығының аса зор екені және сонымен бірге олар өз елінің тарихына бейжай қарамайтын әрбір қазақтың баласы үшін ауадай қажет, әрі пайдалы екені мүмкіндігінше толық көрсетілді. Бұл оңірде ғұмыр кешкен халықтар өз заманының тарихы мен мәдениеті жөнінде заттық айғақтарды біздерге, яғни мұрагерлеріне, молынан қалдырыпты.*

*В предлагаемом издании представлен ценный материал по археологии и этнографии Казахского Алтая начиная с эпохи палеолита до этнографической современности, свидетельствующий о самобытной культуре живших на этой территории народов. Книга адресована широкому кругу читателей, особенно полезна она тем, кто неравнодушен к истории своего народа.*

ББК 63.4

Ғылыми редактор – тарих  
ғылымдарының докторы Ә.Т. Төлеубаев

Пікір жазғандар – тарих  
ғылымдарының докторы А. В. Алексеенко,  
тарих ғылымдарының докторы С. Ж. Жолдасбаев

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің  
ғылыми кеңесі ұсынған

Рекомендовано к изданию Ученым советом Восточно-Казахстанского  
государственного университета им. С. Аманжолова МОН РК

ISBN 978-601-209-025-2

© «Өнер» баспасы, 2008  
© З. Самашев, А. Ермолаева, Г. Куш, 2008  
© Г. Умарова, А. Умаров, дизайн, 2008  
© О. Белялов, фото, 2008

# L'ASIA

Novamente corretta, et accresciuta, secondo  
le relazioni più moderne di GVGLIELMO  
MO SANSONE Geografo di S.M. Chrest.

È data in luce da GIO GIACOMO DE ROSSET in  
Roma, nella sua Stamperia alla Pace, Anno  
1687.



## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

|  |     |
|--|-----|
| Алғы сөз.....  | 7   |
| Предисловие .....  | 8   |
| Ғасырлар қойнауынан.....   | 10  |
| Из глубины тысячелетий .....   | 14  |
| Қола дәуірі – кеншілер мен бақташылардың<br>және егіншілердің жасампаздық кезеңі .....     | 20  |
| Бронзовый век – время творения рудознатцев<br>и металлургов, пастухов и земледельцев ..... | 38  |
| Скиф-сақ дәуірінің сайыпқыран салт аттылары.....   | 58  |
| Великолепные всадники скифо-сакской эпохи .....  | 81  |
| Орта ғасырлардың қаһарлы жаугерлері .....  | 100 |
| Воинственные катафрактерии эпохи средневековья.....  | 116 |
| Көне халықтардың жартастағы бейнелеу өнері .....   | 134 |
| Наскальное изобразительное искусство древних народов.....                                  | 141 |
| Алтай қазақтары – көне мәдениет мұрагерлері.....   | 150 |
| Казахи Алтая – наследники древних культур.....   | 163 |
| Қорытынды.....   | 188 |
| Заключение .....   | 188 |
| Әдебиет .....  | 189 |
| Библиография.....  | 189 |
| The ancient treasures of the Kazakh Altai.....   | 190 |

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ Алтайы (бұл географиялық атаумен Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысының өлкесін айтатын боламыз) 283,3 мың шаршы км жерді алып жатыр, Еуразия құрлығының тереңіндегі ұлы жазықтықпен шектесетін тұсында орналасқан. Өңірдің географиялық тағы бір ерекшелігі сол – жер шарының құрлықтық полюсі және Еуразияның географиялық орталығы осында орналасқан.

Табиғат бұл өңірге аста-төк құт дарытып, оны жер асты байлықтарымен, сарқылмас су көздерімен, әртүрлі аң-жануарлармен, сан қилы өсімдіктермен жарылқаған. Мұның бәрі адамдарға ежелден белгілі еді. Сонау есте жоқ ескі замандардың өзінде адамдар жыл бойы жайылымға жарамды, топырағы құнарлы жазық жерлерге қоныс теуіп, аулайтын аңға бай ормандарды игеріп, балығы тайдай тұлаған өзендер мен көлдерді жағалай орналасып, тау қойнауларынан мыс пен қалайыға және алтын мен күміске бай кен орындарын таба білген.

Осылайша, Еуразия құрлығындағы мәдени диффузиялар түйіскен тұста орналасқан адамдар тіршілігіне ерекше қолайлы бұл өңірдің табиғи-ландшафттық кешенінің жер астындағы байлықпен үйлескен өте ыңғайлы географиялық жағдайы мыңдаған жылдардың тоқтаусыз тізбегінде жалпыадамзаттық тарихты айтарлықтай байытқан бірегей мәдени құндылықтар жүйесін жасауға игі септігін тигізді.

Қазақ Алтайы тұрғындарының Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі әртүрлі мұзайларда сақтаулы тас дәуірінен орта ғасырға дейінгі және қазіргі этнографиялық жағдайды да қамтитын материалдық және рухани мәдениетінің мазмұнын құрайтын аса көлемді археологиялық және этнографиялық материалдарымен көпшілік қауымды таныстыру осы басылымның

көздеген мақсаты болып табылады. Аймақтағы мыңдаған мәдени-тарихи процестердің дамуындағы ең бір шарықтаған кезеңдердің сипатын ашатын сан қилы материалдар уақыт желісі бойынша өз кезектерімен тізіліп, рет-ретімен берілді.

Кітапқа еңбек құралдары, тұрмыс пен соғыс саймандары, жауынгердің бес қаруы және ат әбзелдерін құрайтын бұйымдарға тиесілердің ішіндегі ең көрнектілері кіргізілді. Әшекей бұйымдар ерекше бір мәдени-этнографиялық қайнаркөз ретінде қаралып, әр дәуір өнерінің стилистикалық ерекшеліктеріне, олардың ішінде, әсіресе, ежелгі көшпелілердің қолданбалы туындыларына ерекше назар аударылды.

Тас дәуірі Бұқтырма, Свинчатка, Шульба өзендерінің сағаларындағы тұрақтардың тас құралдарымен, сондай-ақ, Усть-Нарым мен Мало-Красноярка қоныстарының төменгі қабаттарындағы неолит аңшылары мен балықшыларының тыныс-тіршіліктеріне байланысты түрлі материалдармен сипатталды.

Қазақ Алтайы ескерткіштеріндегі мыс пен қола бұйымдарының мол болуы қола дәуірі кезеңінде Еуразия құрлығында мыс-қалайы алатын өзіндік кен көзіне негізделген аса ірі металлургиялық орталықтың ашылып жұмыс істеуінің нәтижесінде екені белгілі.

Бұл кезеңде металл бұйымдары іс жүзінде шаруашылықтың барлық саласында пайдаланылатын да, өндірістің биік деңгейде болуына түрткі болды.

Дамыған кеншілік-металлургиялық өндірісі бар қола дәуірі үшін кенді қазу мен өңдеу құралдарының болуы – үйреншікті көрініс. Қола дәуірінің кен орындары, шахталар, кеншілер мен металлургтер қоныстары және өте маңыздысы – кеншілердің зираттары молынан табылған Жарма ауданына қарасты Кіші Қарасу

ауылына жақын Асқаралы тауындағы археологиялық кешеннің маңызын бағаламау мүмкін емес. Еуразия кеңістігінде осыған ұқсайтын бұдан басқа кешен өзiрге кезiккен жоқ.

Шығыс Қазақстанды Еуразиядағы б.д.д. I мыңжылдықтың ең басында кемелiне келген сақ мәдени кешенiнiң негiзгi құрамдас бөлiгiнiң қалыптасуы орын алған орталықтың бiрiне жатқызу дәйексiз емес.

Осынау ерлiкке толы дәуiрде жергiлiктi табиғатқа бейiмделген, шашауын шығармай алып жүруге жарамды шаруашылық жүйесiн құрған Алтайдың қаһарман көшпелiлерi бiздер аң стилi деп жүрген өнердiң, соғыс қаруларының және ат әбзелдерiнiң әдетте, «скиф ұштағаны» ұғымына бiрiктiрiлетiн тамаша үлгiлерiн жасап қана қоймай, мемлекет басқарудың да анық құрылымын құра бiлдi.

Аймақтың көнетүркiлiк мәдени кешенi жерлеу-аза тұту архитектурасының, тас мүсiндердiң, ортағасырлық торевтердiң тамаша туындыларының, сондай-ақ, негiзгi этноболжамдық бейнелерi ат үстiндегi ту көтерушiлер мен әртүрлi атрибутикалы жауынгерлер болып келетiн жартастағы гравюралардың көптеген ескерткiштерiнен тұрады. Осы кешеннен таза түркiлiк б.д. 9 ғ. дейiнгi ескерткiштер бiр төбе де, әдетте б.д. 9-10 ғғ. мерзiмделген кимақ қорғандары мен қоршауларының үлкен шоғыры – бiр төбе.

Алайда, Ертiс бойындағы кимақ ескерткiштерiнiң кейiнгi қабаты осы төңiректе соңынан Найман мемлекетiн құрған халықтарға тиесiлi болуы мүмкiн деген болжамға да негiз бар.

Алтай қазақтары осы бiр құт дарыған өлкенi ежелден қоныс еткен халықтардың материалдық әрi рухани мәдениетiнiң мұрагерлерi.

Қазақ кезеңiнiң мәдени кешенi кiтапта бiрнеше музейлердiң этнографиялық жәдiгерлiктерiмен сипатталған.

Өкiнiшке орай, Қазақ Алтайының археологиясы мен этнографиясына тиесiлi аса мол материалдар осы басылымның көлемi шектеулi болғандықтан, ғылыми айналымға енбей қалды.

Қазақ Алтайының археологиялық ескерткiштерiн зерттеуге әр жылдары Ф.Х. Арсланова, Ғ.А. Базарбаева, Г.С. Жұмабекова, А.Г. Максимова, Ғ.Қ. Омаров, А. Онгар, А.М. Оразбаев, Г.И. Суворова, Ж.К. Таймағамбетов, Ә.Т. Төлеубаев, А.А. Чариков, С.С. Черников, А. Шотбаев және басқалар атсалысты.

Бiздер Қазақ Алтайының көне ескерткiштерiн ұзақ жылдар бойы зерттеуiмiзге көмек көрсеткен адамдардың барлығына ризашылығымызды бiлдiреміз.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Казахский Алтай (под этой географической номенклатурой подразумевается территория Восточно-Казахстанской области РК) занимает площадь 283,3 тыс. кв. км в глубине Евразийского континента, на границе великих равнин. На его территории находятся полюс континентальности нашей планеты и географический центр Евразии.

Природа щедро одарила эту землю богатствами, неисчислимыми водными ресурсами, разнообразным животным и растительным миром. В глубокой древности люди расселились в долинах с хорошими почвами и круглогодичными пастбищами, освоили леса, изобилующие промысловым зверем, обжили реки и озера, богатые рыбой, нашли крупные месторождения меди и олова, золота и серебра в горах.

В процессе своей жизнедеятельности на протяжении тысячелетий населявшие эту территорию народы создали уникальную систему культурных ценностей, существенно обогатившую общечеловеческую историю.

Обширный археолого-этнографический материал отражает процесс развития материальной и духовной культуры населения Казахского Алтая от эпохи камня до средневековья, включая этнографическую



современность и изложен в хронологической последовательности.

Наиболее яркие и характерные изделия относятся к орудиям труда, предметам быта и вооружения, снаряжению воина и коня. Особый культурно-этнографический источник – украшения древних кочевников, а также стилистические особенности искусства разных эпох, в том числе декоративно-прикладное.

Эпоха камня представлена каменными орудиями из пещерной стоянки неподалеку от устья р. Бухтармы, Свинчатки, Шульбинки, а также материалами из нижних слоев поселений Усть-Нарым и Мало-Красноярка, связанными с жизнедеятельностью неолитических охотников и рыболовов.

Обилие медных и бронзовых изделий в памятниках Казахского Алтая было результатом функционирования в бронзовом веке крупнейшего на евразийском континенте металлургического центра, базировавшегося на собственных месторождениях медно-оловянного сырья.

В это время металлические изделия использовались практически во всех отраслях хозяйства и способствовали достижению высокого уровня производства.

Для бронзового века с его развитым горно-металлургическим производством орудия добычи и обработки руды – явление обычное. Трудно переоценить значение археологического комплекса бронзового века в горах Аскаралы, недалеко от с. Малое Карасу Жарминского района, состоящего из большого количества горных выработок, шахт, поселений горняков и металлургов и, что очень важно, некрополей горняков. Такой другой комплекс в евразийском пространстве еще неизвестен.

Восточный Казахстан небезосновательно считают одним из центров в Евразии, где происходило формирование основных компонентов сакского культурного комплекса, завершившегося в самом начале I тыс. до н.э.

Грозные кочевники Алтая этой героической эпохи сумели создать не только сбалансированную и адаптированную к

местным условиям систему хозяйственной деятельности, великолепные образцы искусства звериного стиля, предметов вооружения и конского снаряжения, объединяемые обычно понятием «скифская триада», но и четкую структуру управления государством.

Древнетюркский культурный комплекс региона включает многочисленные памятники культово-поминальной архитектуры, каменные статуи, великолепные произведения средневековых торевтов, ремесленников и ювелиров, а также гравюры на скалах, основными этнопрогнозирующими образами которых являются конные знаменосцы и воины с различными атрибутами. Из этого комплекса вычлняются собственно древнетюркские памятники до 9 в. н.э. и преобладающее число кимакских курганов и оград, датируемые обычно 9–11 вв. н.э.

Однако, есть основание полагать, что поздний пласт «кимакских» памятников Прииртышья может принадлежать народам, создавшим впоследствии здесь найманское государство.

Современные казахи Алтая являются наследниками и преемниками материальной и духовной культуры народов, издревле обитавших в просторах этой благодатной земли. Казахский пласт культуры в книге представлен этнографическими коллекциями ряда музеев нашей страны.

К сожалению, огромный материал по археологии и этнографии Казахского Алтая, имеющийся в нашем распоряжении, оказался не вовлеченным в научный оборот из-за ограниченности объема данного издания.

Вклад в изучении археологических памятников Казахского Алтая внесли Ф.Х. Арсланова, Г.А. Базарбаева, Г.С. Жумабекова, А.Г. Максимова, Г.К. Омаров, А. Онгар, А.М. Оразбаев, Г.И. Суворова, Ж.К. Таймагамбетов, А.Т. Толеубаев, А.А. Чариков, С.С. Черников, А. Чотбаев и другие.

Мы выражаем признательность всем, кто на протяжении многих лет оказывал нам содействие в исследовании памятников старины Казахского Алтая.



## ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН

**А**дамзат тарихында тас дәуірі қоғамдық дамудың негізін қалаған өте маңызды кезеңге жатады. Тас дәуірі адамды тіршілік иесінің ерекше бір биологиялық қоғамдық түрі ретінде қалыптастырған, әрі оның санасы мен ой-өрісінің, сондай-ақ, еңбек құралдарының жетілген уақыты болды.

Ғылымда қабылданған топтама бойынша, тас дәуірі палеолит – көне тас дәуірі және неолит – жаңа тас дәуірлеріне бөлінеді. Палеолит, өз кезегінде, үш кезеңге бөлінеді: ертедегі (төменгі), ортаңғы (мустье) және соңғы (жоғарғы).

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан тас дәуірінің ең ежелгі ескерткіштеріне 1950 ж. Қанай ауылының батыс жағынан Э.Р. Рыгдылон деген зерттеуші ашқан соңғы мустьерлік белгілері бар тас құралдар жатқызы-

лады. Бұлар қатты дақтанып және мұжыла бастаған артефактілер еді. Солардың ішінде пошымы үшбұрышты қырғыштар мен тас жаңқасы, шеттері өңделген ұзынша пластиналардың сынығы және басқа да морфологиялық белгілері жағынан соңғы палеолит құралдарына қатты келіңкірейтін, бизон мен бұғы сүйектерімен араласып жатқан күйінде табылған бұйымдар болды. Қызылсу өзенінің жағасындағы Қойтас ауылы төңірегінен табылған Қызыл Құйған атты олжалы жерден жинастырылған тас жаңқалары, қырғыш, нуклеус, кескіш, пластиналар және екі жағы да өңделген түрлі құралдарға тән жағдай да жоғарыда айтылғанға ұқсас. Бұл бұйымдардың біраз бөлігін зерттеушілер мустье леваллуаздық фацияға, ал енді біразын – жоғарғы палеолитке жатқызды. Палеолиттік кейіптегі ар-

*Соңғы тас дәуірінде қолданылған шақпақтас құралдар. Свинчатка тұрағы. Нарым жотасы*

*Кремневые орудия из палеолитической стоянки Свинчатка. Нарымский хребет*



тефактілер айналдыра жарықшану ізі бар нуклеустер, призмалық нуклеустер, текше тас жаңқалары, соққыш, кертікті құралдар және басқалары Қызылсу өзені бойындағы Арман ауылының төңірегінен табылды.

Тас дәуірін негізінен Бұқтырма өзенінің сағасы маңайындағы бұрынғы Ново-Никольское, Свинчатка, Шульбинка және басқа елді мекендердің жанында табылған заттар, сонымен қатар жоғарғы палеолиттік Пещера қонысының тас индустриясы сипаттайды.

Бұқтырма өзенінің оң жағасындағы төбелері қосылған екі үңгірлерден тұратын Пещера қонысы 1950, 1952 және 1954 жж. зерттелген болатын. Бұнда табылған заттар: айналдыра соғылған қырғыш, пышақ іспеттес пластиналар, шой балға, мамонттың, мүйізтұмсықтың, бизонның, үңгірлік

қорқаудың, арыстанның, Кноблхтың дәу түйесінің сүйектері.

Ертістегі Ново-Никольская тұрағы материалдар құрамы бойынша алдыңғы айтылғандарды дәлме-дәл қайталауға жақын: салмақты қырғыш, призмалық нуклеус, пышақ іспеттес тас жаңқалар, екінші өңделуден өткен үшкір кірістер.

Шығыс Қазақстандағы құжатталып, толық зерттелген жалғыз ғана соңғы палеолит дәуірінің ескерткіші болып 1981-1983 жж. Ж. Таймағамбетов зерттеген Шульбинка тұрағы саналады. Бұнда жергілікті жұмыр тастан, халцедоннан, тау хрусталінен және т.б. жасалған 5 000 астам бұйым тіркелген. Кейбір мамандар бұл ескерткішті мустьеден неолитке дейінгі ұзақ уақытта үздіксіз өмір сүрген тұрақ-шеберхана ретінде қарастырады.

*Қысқа найзаның кірісі*

*Наконечник дротика, которым пользовались древние охотники 5 тысяч лет назад. Случайная находка в окрестности г. Усть-Каменогорска*



*Жүзі майда ретушпен мұқият өңделген тас пышақтар*

*Искусно ретушированные кремневые ножи с поселения Усть-Нарым. Наконечник дротика пяти тысячелетней давности. Окрестности г. Усть-Каменогорска*



*Свинчатка төңірегінен табылған тас индустриясының өнімі*

*Предметы каменной индустрии с местонахождения Свинчатка*

Свинчатка деген ауылдың маңынан (қазіргі Болшенарым поселкесіне жақын, Ертіс бойында) 1955 ж. соңғы палеолиттік бұйымдардың қомақты шоғыры жинастырылды, оның ішінде көлемді тас жаңқалары мен шеттері кертілген әртүрлі пластиналар, қырғыштар, бір жағы үшкір құралдар, істіктер, призмалық өзектас нуклеустер, кескіштер және басқа да түрлі ренді порфирит пен шақпақ тастардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ, шеті бұдырлы еңбек құралдары бар. Свинчатка тұрағының материалдары Сібір, Солтүстік Тәжікстан және басқа өңірлердің палеолит дәуіріне жататын құралдарға ұқсас. Бұл жерден табылған құралдардың жасалу мерзімі – соңғы палеолит дәуірінің екінші жартысы. Свинчатканың соңғы палеолиттік дәстүрінің ықпалы Усть-Нарым тұрағының кейініректегі жаңа тас дәуірі – неолиттік қабатында да байқалатыны қызықты жайт. Демек, Свинчатканың соңғы палеолитінің ақырындағы тас индустриясы Усть-Нарымның неолиттік техникасын өрбіткен негіз, яғни, техникалық субстанциясы болып табылады.

Неолит кезеңі адам қоғамдастығының дамуында өндіруші экономикаға көшудегі түбегейлі өзгерістер уақыты болған еді. Палеолиттен неолитке ауысар дәуірде (мезолитте) садақ ойлап табылды да, микролиттер пайда болды. Жаңа микролиттік құралдар – үшбұрыш, ромб, трапеция және сегмент пошымдас шағын тас пластиналар (өткір текше жүздер) осы кезеңде кеңінен дамыған болатын. Алыс ара қашықтыққа ататын қаруды ойлап табу үйірлес емес аңдарға аңшылық құруға басымдық берді.

Жаңа тас дәуірінің ескерткіштері Қазақстанның барлық өлкелерінде кен көрініс тапқан.

Усть-Нарым қонысының төменгі қабаты мен Мало-Красноярск ескерткіші де неолит кезеңіне жатады. Олар Қазақ Алтайындағы жаңа тас дәуірінің аңшылары мен балықшыларының озық мәдениетінің қалыптасып дамуын нақтылы сипаттайтын бірден-бір археологиялық кешендер.





*Пещера ауылы маңындағы тас дәуірі тұрағының жобасы*

*План палеолитической стоянки у деревни Пещера*

*Жебені түзегіш ретінде пайдаланылды деп болжанып жүрген тас «үтікше»*

*Каменные утюжки. Существует предположение, что их использовали как выпрямители стрел*

*Әшекейленген тас пышақ*

*Орнаментированный кремневый нож*



## ИЗ ГЛУБИНЫ ТЫСЯЧЕЛЕТИЙ


**К**аменный век стал важнейшим этапом в истории человечества, ибо в этот период была создана основа для развития общества. Это время формирования человека как вида, совершенствования его орудий труда.

По существующей в науке классификации каменный век подразделяется на палеолит – древний каменный век и неолит – новый каменный век. Палеолит, в свою очередь, включает три хронологических периода: ранний (нижний), средний (мустье) и поздний (верхний). В Восточном Казахстане наиболее ранними памятниками каменного века на сегодняшний день считаются орудия позднемустьерских форм, найденные Э.Р. Рыгдылоном в 1950 г. западнее аула Канай. Среди сильно патинизированных

и окатанных артефактов, вперемежку с костями бизона и оленя находились скребловидное орудие подтреугольной формы, отщеп с ретушью, обломок пластины с ретушью по краю и другие изделия, которые по морфологическим признакам явно тяготеют к верхнему палеолиту. Аналогичные находки сделаны в местонахождении Кызыл Куйган в районе с. Койтас на р. Кызылсу. Из собранных массивных отщепов, скребел, нуклеусов, резцов, пластин и различных орудий с двусторонней обработкой, часть отнесена исследователями к мустье леваллуазской фации, часть – к верхнему палеолиту. Палеолитического облика артефакты (нуклеусы со следами радиального скалывания, призматические нуклеусы, пластинчатые отщепы, отбойник, зубчатые орудия и др.) были

*Буктырма өзенінің жоғарғы ағысынан табылған соңғы тас дәуірінің еңбек құралдары*

*Орудия труда из верхнепалеолитической пещерной стоянки неподалеку от устья р. Бухтармы*





зафиксированы по р. Кызылсу в окрестностях аула Арман.

Эпоху камня в Восточном-Казахстане в основном характеризуют индустрии верхнепалеолитических стоянок, зафиксированных неподалеку от устья р. Бухтармы, у населенных пунктов Ново-Никольское, Свинчатка, Шульбинка и др.

Расположенная на правом берегу р. Бухтарма, стоянка Пещера представляла собой два грота, объединенных навесом. В ходе исследований в 1950, 1952 и 1954 гг. здесь были найдены: скребок с круговой ретушью, скребло, ножевидные пластины, отбойник, кости мамонта, носорога, бизона, пещерной гиены, пещерного льва, гигантского верблюда Кноблоха и др.

Ново-Никольская стоянка на Иртыше по составу материала близка предыдущей. Среди находок – массивное скребло, призматический нуклеус, ножевидные пластины, остроконечники со вторичной обработкой и др.

Единственным стратифицированным и полностью изученным памятником эпохи позднего палеолита в Восточном Казахстане пока является стоянка Шульбинка, исследованная в 1981 – 1983 гг. Ж. Таймагамбетовым. Здесь зафиксировано более 5000 изделий из местной гальки, халцедона, горного хрусталя и т.д. Некоторые специалисты квалифицируют этот памятник как стоянку-мастерскую, функционировавшую длительный период от мустье до неолита.

На местонахождении Свинчатка, обнаруженном в 1955 г. А.А. Крыловой на втором делювиально-пролювиальном террасовидном уступе Нарымского хребта, по нижнему течению реки Нарым, собрана достаточно представительная серия позднепалеолитических изделий. В ней пред-

*Қазба жұмысынан кейінгі «Пещера» тұрағының көрінісі  
Қараңғы үңгірден «жарқын» әлемге қарайтын саңылау*

*Стоянка у села Пещера после раскопок  
«Окно в большой мир» из жилища древнего человека*

*Саздан күйдіріп жасалған байырғы адам нанымдындағы  
құдай бейнесі. Зырян, кездейсоқ табылған*

*Терракотовая антропоморфная фигурка древнего  
божества. Зыряновск, случайная находка*





*Свинчатка тұрағынан табылған тас дәуірінің  
еңбек құралдары*

*Орудия труда человека древнекаменного века.  
Местонахождение Свинчатка*







*Шақпақтас пластиналарды сүйекке тізбектей бекіту арқылы жасалған қанжар*

*Қысқа найза мен сүңгі ұштары*

*Костяной вкладышевый кинжал с лезвием из кремневых ножевидных пластин из Усть-Нарыма*

*Наконечники дротика и копья* ▶

ставлены массивные отщепы и пластины различных размеров с ретушью, концевые скребки, остроконечники, скребла, проколка, резец, призматические нуклеусы и др., изготовленные из порфирита разных оттенков и черной кремнистой породы, а также зубчато-выемчатые и выемчатые орудия труда. По мнению ученых, материалы Свинчатки обнаруживают сходство с палеолитом Сибири, северного Таджикистана и др. Наиболее вероятная дата этого местонахождения – вторая половина позднего палеолита, ближе к его концу. Интересно то, что влияние позднепалеолитической традиции Свинчатки прослеживается в более позднем неолитическом слое стоянки Усть-Нарым. Следовательно, каменная индустрия Свинчатки конца позднего палеолита послужила технической субстанцией, для развития неолитической техники Усть-Нарыма.

Период неолита характеризуется коренными изменениями в развитии человеческого общества, переходом к производящей форме экономики. В переходную от палеолита к неолиту эпоху был изобретен лук и появились микролиты. Новые микролитические орудия – миниатюрные каменные пластины (лезвия) в форме треугольников, ромбов, трапеций и сегментов получили широкое распространение в неолите. Изобретение дистанционного оружия привело к преобладанию охоты на нестадную дичь.

Памятники новокаменного века широко представлены на территории Казахстана. В Восточном Казахстане хорошо исследовано поселение Усть-Нарым, нижний слой которого принадлежал к неолитическому времени, а также поселение Мало-Красноярка, характеризующее культуру охотников и рыболовов эпохи неолита.





## ҚОЛА ДӘУІРІ – КЕНШІЛЕР МЕН БАҚТАШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛЕРДІҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ КЕЗЕҢІ

*Қола дәуірінің дәлізді жерлеу құрылысы. Сарыкөл аңғары*

*Погребальные сооружения эпохи бронзы с входным коридором. Долина Сарыкол*



*Өлген адамды «ана құрсағында жатқандай» кейінде жерлеу – ежелгі наным-сенімге байланысты атқарылған. Беткұдық, Ұлан ауданы*

*В бронзовом веке особо избранных хоронили в каменных гробницах, придавая телу скорченную позу. Беткұдук, Уланский район*



Б.д.д. 3 мыңжылдықтың соңы мен 2 мыңжылдықтың басы – палеолит дәуірі, Еуразияның ұлан-ғайыр далаларының тұрғындары тарихында өтпелі кезең болды, сол кездерде бұл өңірде өндіруші мал бағушылық пен кешенді жер өңдеуші-мал бағушылық шаруашылықтар формасы түбегейлі орнығып, ендігі уақытта мыс кендерін қауырт игеру басталған болатын. Өкінішке орай, осы, энеолит дәуірі деп аталатын кезеңнің ескерткіштері әзірге тек бірер үлгілермен ғана көрсетіледі – Усть-Нарым мен Черновая деревнясындағы адамдар жерленімдерімен, сондай-ақ, Өскемен қаласына жақын Меновное селосындағы жапырақ пошымды 240 жапсырмамен әшекейленген киімі бар әйел жерленімімен.

Қола дәуірі – ең бір маңызды кезең, сайып келгенде, бұл уақытта қазіргі таңдағы шаруашылық-мәдени типтердің барлық құрамдас бөліктері қалыптасып, мәдени-дүниетанымдық бағыт-бағдардың ап-анық жүйелері түзілген болатын, сондай-ақ, қоғамдық-саяси қарым-қатынастар жөнге келіп, рулық-тайпалық құрылымдар негізінде мемлекеттік құрылыстың іргесі қалана бастаған еді.

Бұл дәуірдің мәдени дамып өрбуі өте күрделі, әрі сан қилы, оның үстіне осы процесс көбінекей нақты табиғи-климаттық және ландшафттық жағдайларға бейімделеді, демек, жеке ерекшеліктері мен көрініс табуының ерекшелігі бар, олар әрине, тарихи уақиғаларды қалпына келтіру барысында зерттеушілер тарапынан көптерге алынады. Сондықтан қола дәуірінің әртүрлі кезеңдерінің мәдениеттері алғашқы тауып қазылған жерлеріне сәйкес әртүрлі атауларға ие. Андрон мәдениеті – (тарихи-мәдени біртектілік, провинция, мәдени



*Қола қанжар мен найза — кеңінен таралған соғыс құралдары*

*Бронзовые кинжал и наконечник копья являлись боевым наступательным оружием наряду с наконечниками стрел и боевыми топорами*

*Кеншінің құрал-сайманы — шотбалға мен сына кенді тау жынысынан ажыратып сындыру үшін де пайдаланылған. Қалба таулары*

*Орудия горняков — кирка и клин для отделения руды от породы. Калбинские горы*



*Күнделікті тұрмыста және жерлеу рәсімінде қолданылған дәстүрлі геометриялық өрнекті ыдыс*

*Глиняная посуда с традиционным геометрическим орнаментом, использовавшаяся в быту и в погребальных обрядах*


көкжиек және т.б.) Шығыс Қазақстанда басқа да іргелес өңірлердегідей суб-мәдениеттерге – алакөлдік және федоровтық деп бөлшектеледі, бұлар археологиялық зерттеулер үшін негізінен этнохронологиялық белгілеу болып табылады.

Алакөлдік және федоровтық мәдениеттердің өзара сәйкестігі ғылыми ортада әлі күнге дейін даулы күйінде қалып отыр.

Шығыс Қазақстан – андроновтық және федоровтық тайпалардың жаппай қоныс тепкен өлкесі. Материалдар тарихи-мәдени процестердің бұл өңірде бірыңғай жүрмегендігін көрсетеді, әсіресе, б.д.д. 2–1 мыңжылдықтар тоғысында және б.д.д. 1 мыңжылдықтағы мәдени және хронологиялық өзгерістер аса маңызды болған еді.

Шығыс Қазақстандағы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеу біздердің алдымыздағы ұлы ғалымдар – С.С. Черников, А.Г. Максимова және Ф.Х. Арслановалардың есімдерімен тығыз байланысты. Олар Қазақ Алтайы археологиясындағы «қолатану» саласының негізін қалаған зерттеушілер.

А.Г. Максимова Шығыс Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерін, ертедегі, дамыған (ортанғы) және соңғы кезеңдерге бөлді: ертедегіге Қанай қонысы мен зиратын, Сарыкөл, Жанажұрт, Кіші Қойтас, Қаражал, Қараөзек, ал кейінгісіне – Мало-Красноярск пен Трушников қоныстары мен оның жанындағы құрбандық шалу орынын, Семей мен Мешіт ауылы маңындағы қоныстарды жатқызады, сондай-ақ, бұл ескерткіштердегі тек осы өңірге тән бірқатар белгілерді жіктеп берді. Мысалы, жерлеудің екі рәсімі болғанын: мәйітті жерлеу және өртеу, сонымен қатар, қорғандарда да, қоршауларда да жерлеудің орын алғанын



*Қиғаш үшбұрышты, каннелюр, меандр және ирек сызықты және күрделі геометриялық өрнекті ыдыс*

*Глиняные сосуды, украшенные сложным геометрическим орнаментом: косыми треугольниками, каннелюрами, меандрами, зигзагами*

*Измайловка мен Трушиново қонысынан табылған әртүрлі және әшекейлі ыдыс түрлері*

*Глиняные сосуды – кувшин и чаша. Измайловка. Глиняный узкогорлый сосуд с валиком на шейке и туловом, декорированным ногтевыми вдавлениями, гребенчатым зигзагом, налпами с оттисками гребенки. Поселение Трушиново*

көрсетті. Жергілікті ерекшеліктер, әсіресе қыш ыдыстарда ерекше бой көрсетті. Андрондық ыдыстардағы дәстүрлі өрнек – ыдыстың ернеуінен бүйіріне көшкен жерге үшбұрыш басып салу мен оның шетін керту. Банка іспеттес ыдыстарға өрнек жапсырынды бұдырлардың барлық жеріне қысып салынған бедер сияқтандырылып қамыс таяқшамен өрнектейтін болған.

Бұл кезеңге жартылай жертөле іспетті үлкен үйлер тән. Экономикадағы ірі өзгерістер, оның ішінде жылқы санының көбеюі, көшпелі мал шарушылығына ауысудың алғы шартын дайындай бастайды. С.С. Черников өз кезінде Шығыс Қа-

зақстанның қола дәуірі халқының материалдық мәдениетінің жеке ерекшеліктері мен окшау белгілерін дәлелдей келіп, оның дамуының төрт кезеңін даралады. Бұл ғалым тұңғыш рет өңірдің қола дәуірінің ертедегі, ортаңғы және соңғы кезеңдік қоныстарын зерттеді. Соның нәтижесінде өңірдің көне тұрғындарының материалдық мәдениетінің бет бейнесін айқындайтын жаңа ұстындық деректер алынған болатын.

С. С. Черниковтың Қалба мен Нарым жоталарындағы мыс, қалайы және алтын қазып алынатын көне кен орындарын зерттеуі өз кезіндегі жанашылдық бағыт болатын.

